



QAZAQSTAN» телеарнасының 60 жылдығына арналған
**«QAZAQSTAN» ЕЛІМІЗДІҢ ТЕЛЕЭПОПЕЯСЫ:
ҰЛТТЫҚ АРНАНЫҢ ДАМУ МОДЕЛІ»** атты
халықаралық ғылыми-әдістемелік материалдарының
ЖИНАҒЫ

Қазақстан, Алматы, 15-16 ақпан

СБОРНИК

международно научно-методической конференции
**«QAZAQSTAN» – ТЕЛЕЭПОПЕЯ КАЗАХСКОГО НАРОДА:
МОДЕЛЬ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО КАНАЛА»,**

посвященной 60-летию телеканала QAZAQSTAN

Казахстан, Алматы, 15-16 февраль

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

QAZAQSTAN» телеарнасының
60 жылдығына арналған
«QAZAQSTAN» ЕЛІМІЗДІҢ ТЕЛЕЭПОПЕЯСЫ:
ҰЛТТЫҚ АРНАНЫҢ ДАМУ МОДЕЛІ» атты
халықаралық ғылыми-әдістемелік
материалдарының
ЖИНАҒЫ

Қазақстан, Алматы, 15-16 ақпан

Сборник
международно научно-методической конференции
«QAZAQSTAN» – ТЕЛЕЭПОПЕЯ КАЗАХСКОГО НАРОДА:
МОДЕЛЬ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО КАНАЛА»,
посвященной 60-летию телеканала QAZAQSTAN

Казахстан, Алматы, 15-16 февраль

Алматы
«Қазақ университеті»
2018

ҚАЗАҚТЫҢ ТЫНЫСЫ

Рушанова Н.Б.,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, аға оқытушысы,

Жайшыбек Ә.Е.,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, студенті

Тыныс Өтебаев – өзбек, қазақ телевизияларында қызмет атқарған. Қазақстан журналисттер одағы сыйлығының лауреаты. Қазақ телевизиясында «Шарайна», «Ақшам», «Шамшырақ», «Қылмыс пен жаза», «Правопорядок» редакцияларын құруға ат салысқан. Жоғары дәрежелі диктор, журналист. КСРО телерадиосының үздігі.

Өмірбаяны

Тыныс Өтебаев 1944 жылы Өзбекстан Республикасы Ташкент облысы жоғары-Шыршық ауданы Киік ата ауылында дүниеге келеді. Қазығұрт ауданы орталығындағы 7 жылдық мектепте білім

алып, білімін Ташкент электрмеханика техникумында, кейін Ташкент орыс тілі және әдебиеті институтында жалғастырады. Еңбек жолын Ташкент трактор жасау зауытында техник-электрик болып бастаған. 1963-1966 жылдары Кеңес Армиясы қатарында әскери борышын өтеді. 1967 жылы Өзбек радиосында диктор болып тұңғыш қазақ бағдарламасы «Замандасты» ашуға ат салысып, Өзбек теледидарына ауысты. 1971 жылдан «Қазақстан» телерадио комитетінде диктор, бас редактор, директор, комитет төрағасының 1-орынбасары қызметтерін атқарып келді. Көп жылғы еңбегінің жемісі ретінде бірнеше сыйлықтардың иегері. 1989 жылы Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты. /1/

Телевизия – туған күнінен бастап адамзатты таңырқатып келе жатқан құбылыс. Ол техникалық жағынан қиял жетпес мүмкіндіктерді ашып, көз ілеспес жылдамдықпен, адуынды қарқынмен жаңғырып, дамып келе жатса, жаңа өнер ретінде бүгінгі күнге дейін адам баласы жаратқан өнер тудырып отыр. Ол бір сәтке ортақ мақсат үшін көптеген елдерді жұмылдыра білетін қуатты күшке ие. Ол – ұқсата білсе, ұлттың ұлы мұратына жетуіне орасан көмек беретін құдыретті құрал. Әлеуметтанушылардың зерттеуі бойынша, қазіргі адам теледидарсыз өмір сүре алмайтын халге жетті. Олай болса, бұл феноменді тану, зерттеу, мемлекеттік идеологияда ұтымды пайдалану бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Сұлтан Оразалы, жазушы /2/

Жұртшылық төрінде көгілдір жәшік пайда болған сол заманда Тыныс Өтебаев 14 жастағы жасөспірім еді. Келешекте ол өзін сол жұрт үңілген теледидарға шығатынын әлбетте білген жоқ. 7 жылдық орталау мектепті бітірген Тыныс ағамыз Өзбекстанның астанасы Ташкентте электро-механика техникумына оқуға түскен. Осы техникумды бітірген соң, Ташкент трактор жасау зауытында техник-электрик болып еңбек жолын бастаған. Жұбайы Шолпан Өтебаеваның айтуы бойынша трактор зауытында істеп жүріп көлік апатына ұшырайды. Бұдан көп адам қайтыс болады. Тыныс ағамыз аман қалған. Бірақ, бет алпетіне нұқсан келіп, дәрігерлер ыстық аймаққа барса түзелетінін айт-ады. Содан Түркменияға әскери борышын өтеуге жіберіледі.

1967 жылы әскерден оралған Тыныс Өтебаев ауылда монтер болып жұмыс істейді. Ол туралы Тыныс ағамыз былай еске алады:

«Жоғары вольтты электр желісі қатты жел тұрғанда, үзіліп кетіпті. Соны жалғауға бастық мені жіберді. Сонымен 12 метр болатын бағанаға өрмелеп шықтым. Жаңбыр жауғаннан кейін сымдармен жұмыс істеу қиын әрі қорқынышым бар. Әзер жалғап енді түсейін деп тұрғанымда, "селем, Тыныс!" деген дауыс шығады. Төменге қарасам, сыныптастарым. Төменге аяғым дірілдеп, әрең түстім. Сондағы сыныптастарымның айтқаны "сен мектепте де озат оқушы едің, қазір де озаттығың белгілі. Қарашы анау, бағананың ең биігіне шығып тұрғаның" дегенде, жаман болдым. Әскерден келген соң оқымаймын, осы техникум жетеді деп жүргенмін. Ана сөзден кейін намысым қатты келді. Әрі күш-жігер берді зой деймін. Бірден оқуға барамын дедім.»/3/

Содан, Тыныс Өтебаев монтерлық жұмысымен қош айтысып, Ташкент педогогика институтының орыс филология факультетіне оқуға түседі. Осы институт қабырғасында жүріп конкурсқа қатысады. Біршама студент қатысқан бұл конкурстан үздік шығып, өзбек телевизиясына диктор болып қабылданып, Тыныс ағамыз бұл жерге жаңа тыныс әкеледі. Сүлеймен Бұқарбаевпен бірігіп, Ташкент шаһарындағы телевизиядан 30 минуттық қазақ тілінде хабар тарататын бағдарлама дайарлайды. Бұл «Замандас» бағдарламасы еді. Бағдарламаның бірінші хабары 1967 жылдың жиырма бесінші қарашасында эфирге шығып, көрерменге жол тартты.

Кейін Тыныс Өтебаев әрі оқып, әрі өзбек телевизиясында диктор болып жүріп құрбы-құрдастарының арасында «Ақ қанат» деген ансамбль құрады. Осы жұмыстары қазақ қауымға да жеткен болуы керек. Тыныс аға Қазақ телевизиясынан екі рет шақырту алады. Мұнда Тыныс Өтебаев тек оқуын аяқтағаннан кейін келіп, үлкен еңбек жолын атқарған.

Тыныс ағамыздың жұбайы Шолпан Өтебаевамен сұхбат:

– Тыныс ағамыз өмірінің біраз жолын сізбен өткерді. Ащы-тұзшыны бірге бөлістіңіздер. Ең әуелі сұхбатымыздың басын таныстықтарыңыздан бастайық. Тағдыр жолы қалай жолықтырды?

– 1971 жылы Қыздар институтын бітіріп, телевидинияға жұмысқа келдім. Оның алдында Ұлттық кітапханада қызмет істедім. Телевидинияның кітапханасында жұмыс істейтін кісі зейнетке кету керек болған ғой. Сосын біреулер айтты сіз мүмкін сол жерге келерсіз деп. Содан осы хабарды естіп, телевидинияға келдім. Телевидинияға барсам ол жерде. Дамила Сүгірбаева деген кісі істейді екен. Кезінде Академияның кітапханасында істеген, сондай бір тәжірбиелі кісі екен. Сонымен, ол кісі мені біраз қызметке үйретті. Бір жылдай бірге жұмыс жасадық. Кітапхананы көбі менсінбейді, ал негізінде бұл кітапхана – білімнің ордасы. Оған бір кірсең шыға алмайсың. Сол уақыт қайта айналып келсе, мен дәл сол кітапханада жұмыс істеген болар едім. Кітаптардың ортасында отырып, білмеймін деуге ұяласың. біз Ресейдің, тіпті Англияның журналдарын алдық. Себебі оның бәрі журналистке керек ақпарат. Мен кейде кітаптың, газеттің иісін қатты сағынып кетем. Кітапхана деген адамды баурап алады. Сөйтіп жүріп сол жерге жұмысқа кірдім. Ал Тыныс сол уақытта Ташкенттен келген еді. Тамызда келген көрінеді. Мен қыркүйекте келдім. Сол жерде жүріп таныстық. Ол кітапханаға жиі келетін. Өйткені кітап, газет-журналға құмар еді. Кейде екеуміз айтысып қалатынбыз. Ол өз білгенін айтады, мен өз оқығанымды айтамын. (күлді) Сөйтіп жүріп таныстық. Ол ылғи келіп тұрды. Бір күні киноға шақырды. Бармадым. Енді ол көрікті жігіт, талай қыздың арманы. Дегенмен, бармауымның себебі анам қатал кісі еді. Артық жүріп-тұрғанды ұнатпайтын. Қыз бала салмақты болу керек деп айтып отыратын. Содан мен өзімді көп жерден тыйатынмын. Бір күні туысымыздың үйінде едім. Таңертең сыртта жүрсем, телефоныма қоңырау шалады. Жездем. «Шолпан кел үйге, саған бір кісі келіп отыр дейді. Сағат таңғы тоғыз-ондар шамасы. Ешкімді күтіп отырған жоқ болатынмын. Аң-таң болып үйге бардым. Келсем, үйде Тыныс отыр. «Жай келдіңіз бе?» десем, ресторанға шақыруға келдім дейді. Содан бірге ресторанға барсақ туыстары отыр. Сөйтіп, ұзын сөздің қысқасы екі-үш айда үйленіп тындық. 1974 жылдың желтоқсан айында тойымыз болды.

– Тыныс ағамыз біраз сыйлықтардың иегері, берілген атақтары да бар. Ағамыз қандай да бір атаққа жетсем деп талпынушы ма еді? «КСРО телерадиосының үздігі» атағы берілген кезде, осы дәрежеге жетсем екен деген ой, мақсат болды ма ағамызда?

– Жок ол атақ-даңққа ешқашан қызыққан емес. Тіпті, ойламайтын да. Ия, «КСРО телерадиосының үздігі» деген атақ берілді. Бірақ, ол «мен сондай атақ алдым-ау, сол атақ маған керек еді-ау» деп ешқашан айтпайтын. «Мен жұмыс істесем ақшамды алам, айлығымды алам. Мен азамат ретінде жақсы жұмыс істеуім керек. Маған сол атақтың еш қажеті жоқ»деп сөйлейтін. Кейбіреулер атақ-даңқын санамалап жұртқа айтып жатады ғой. Тыныс өзін диктор, журналист деп қана таныстыратын еді.

– Тыныс ағамыздың бойында болған дарын, тектен тек емес. Бір жағынан қанмен келгендігі бар. Әкесі журналист болған екен. Тыныс ағаның анасы мен әкесі жайлы қандай естеліктер жадыңызда?

– Әкесіне мен келін болып түскенде бардық. Сондай бір ұстамды кісі. Тыныс негізінен түр әлпеті жағынан анасына ұқсаған да, мінезі әкесіне тартқан. Әкесі кезінде соғыста (Ұлы Отан соғысында) болған. Әкесін кезінде өлді деп, мәйітханаға апарып тастаған екен. Сөйтсе, дәрігерлер аралап жүрсе, кірпіктері кимылдап жатқанын байқап қалған екен. Содан бір ажалдан аман қалған көрінеді. Тыныстың әкесі мен анасы қазіргі Каспий университетінде танысып, отау құрыпты. Ол университет кезінде Ташкент қаласында болған дейді. Бір күні үйден анасының оқу бағаларын көрдім. Анасы өте үлгілі оқыпты. «Неге бұл кісі жұмыс істемеген»деп таң қаламын ғой. Содан Тыныс айтады «анам біраз жыл балалар үйін (детдом) басқарған, біраз жыл кітапханада жұмыс істеген» дейді. Сөйтсем, ары қарай жұмыс істемекші болғанда, қуғынға ұшыраған байдың қызы болған ғой, сол кедергі болып, «Мен енді отбасыны қарайлайын, сен үйге алаңдама, жұмысыңды жасай бер»деп, өзінің жолын жарына берген екен. Тыныстың әкесі районның газетінде бас редактор болып та қызмет атқарған. Негізі Тыныстың отбасы өте білімді кісілер. Өздері алты ағайынды. Үлкен ағасы Мәскеуде Губкин атындағы мұнай институтында білім алған. Одан кейінгі Лена деген әпкесі Ташкенттегі университеттің химия факультетін бітірген. Одан кейін өзі Ташкент пединститутын бітірген. Одан кейінгі екі қарындастары да жоғары білім алған дейді. Одан соңғы інісі Ташкентте энергетикалық институтта оқып жүріп, қайтыс болады.

– *Тыныс ағамыздың еңбек жолын қарап отырсақ, қыруар іс тындырған. Отбасына қаншалықты көңіл бөлетін?*

– Отбасы болғаннан кейін ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды деп жатады ғой. Кейде ойлап қарасам, бізде сол ұрсысуға да уақыт болмапты. Тыныс таңертең жұмысқа кетеді, содан кешке бір-ақ келеді. Кейде кезекшілікте қалғанда тіпті кеш келетін күндері болатын. Оның үстіне мен де жұмыстамын. Одан үй тірлігі бар. Сөйтіп жүріп уақытымыз өтіп кетті. Біз тек сол жексенбі күндері отбасымызбен түгел боламыз. Бірақ Тыныс отбасына көңіл бөлмеді деп айтпаймын. Баламен бала болып ойнап, оларды қыдыртып жүретін. Кейде таңғы эфирлері болған күндері балаларға тамақтарын дайындап кететін.

– *Журналисттің жары болу қиын емес пе?*

– Екеуміздің бірге жұмыс істегеніміз көп жәрдемін тигізді деп ойлаймын. Бірге жұмыс істемегенде мүмкін қызғаныштан ұрыскеріс те болар ма еді. (күлді) Бүгін осындай жұмыстарым бар дейді. Мен де біліп отырамын. Журналисттер бағдарламаға қажет әдебиеттерін менен алып отырады. Сондықтан, маған еш қиын болған жоқ.

– *Тыныс ағамыз телевизияда, халықтың алдында болғаннан кейін әрі «біткен іске сыншы көп» дейді ғой, қазақ. Тыныс ағамызға да талай сындар айтылған болар. Сынға қалай қарайтын?*

– Негізі сынға дұрыс қарайтын. Өзі де жұртты сынап тастайтын. Кейде мен «дұшпанды осыдан артасың, тіліңнен табасың» деймін ғой. Сонда: «Енді көріп тұрсам мен қалай айтпаймын» деуші еді.

– *Ұл-қыздарыңыз жайлы айтып өтсеңіз? Бүгінде есейіп, елге еңбегі сіңіп жатқан болар?*

– Үлкен ұлымыздың есімі – Ұлас. Есімін Тыныстың өзі қойды. Біз шаңырақ құрған алғашқы жылдары қатты қиналды. Алдымен анасы сырқаттан қайтыс болды. Онда өзіміз пәтер жалдап тұратын кезіміз. Одан кейінгі жылы студент інісі қаза тапты. Кейін менің әкем. Сөйтіп, 4-5 жылдай бізге қиын болды. 1975 жылы осы ұлым дүниеге келгенде, Тыныс барлығы жақсылыққа ұлаcssыншы деп қойған еді. Қазір Ұлас жеке кәсіппен айналысады. Ұластан кейінгі перзентіміз – қызым, Нұра. Мектептен кейін музыкалық білім алды. Бірақ, қазір қызым заң жолында.

Заңгерлік қызметті таңдады. Ұстаздық жолды да көрді. Одан кейінгі қызымыз Ақгүл. Ақгүл – банк қызметкері.

– *Жарыңыздың бойындағы сіз бағалайтын ең асыл қасиет?*

– Өтірік айтпайтын. Үнемі шындықты айтқаннан кейін, мен де сенетінмін.

– *Тыныс ағамыздың архивтерін ақтарып қарасақ, жастарға ұдайы кітап оқындар деп өсиет сөзін айтқан екен. Сіз қандай өсиет, ақыл-кеңес берер едіңіз келер ұрпаққа?*

– Мен де кітап оқындар деймін. Кейбіреулер «мен бәрін білемін» деуі мүмкін. Бірақ, біздің білмейтініміз де, үйренеріміз де көп. Тыныс науқастанып төсекке таңылып қалғанынша қолынан газет-журналы түспей өтті. Негізі, қазақтың қаны жақсы ғой. Өз басым бірнеше шет мемлекетте болдым. Біздей ел жоқ. Даладай дархандық та, баладай аңғалдық та бізге тән. Баяғыда біз тұрған пәтер иесі, қарт кісі «ұзақ жаса деп бата бермеймін, бақытты бол деп бата беремін» деуші еді. Жалғыз ұлы тастап кетіп, қартайғанда жалғыз қалған әже болатын. Сол сияқты, мен де өскелең жастарға «бақыт» тілеймін!

Өлең жазбайтын қазақ жоқ. 4 ауыз өлеңді бәрі жазады. Бірақ өлең жазғанның бәрі ақын емес. Бұл жазбам жасың жеткен соң, бәрін ой елегінен өткізген соң өзінен өзі келетін пәлсапалардың бірі:

Өмір деген өзеннің кей жерінде өткел бар,

Кей кездері өткелге ала қаптай өкпем бар.

Әттең, бәрін болжасам, өкініштер болмас ед(i)

Бірақ онда өмірің онша қызық болмас ед(i)

Тыныс Өтебаев./4/

«Бүгін, 2017 жылдың 28 тамызында, «Қазақстан» телеарнасының танымал дикторы Тыныс Өтебай ағамыз 73 жасында өмірден озды. Телеарнаға 60-шы жылдардың аяғында келген Тынысаға, талай жылдар Ұлттық арнаға адал қызмет етті. Тек қана диктор емес, ұзақ еңбек жолында түрлі-редакциялардың басшысы болып, зейнетке «Қазақстан» корпорациясының төрағасының бірінші орынбасары қызметінен шықты! Ағамыздың туыстарына, жақындарына қайғырып көңіл айтамыз!» /5/

Ерлан Қарин, «Қазақстан» РТРК басқарматөрағасы

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы // Алматы, 2007 жыл, 144-бет
2. Тұрсын Қ.«Көгілдір экран құпиясы» // Алматы, 1998 жыл
3. Қазақ телевизиясының «Алтын қорынан» // Қазақстан телеарнасы, «Сыр-сұхбат» бағдарламасы
4. Қазақ телевизиясының «Алтын қорынан»//Қазақстан телеарнасы, «Жүзде-су» бағдарламасы
5. Kazinform.kz. Халықаралық Ақпарат Агенттігі// 28 тамыз, 2017 жыл